**Автор**: КАУМЕНОВА САНИЯ КУСАНОВНА
**Пән**: Математика
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Жиынды белгілеу және оның элементтері
**Тақырып**: Бекіту. /Менің өлкемнің жетістіктері.

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.5.2.5. Деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграмма құрастыру. |
| Сабақтың мақсаты: | Деректер жинағын жүргізуді, жүйелеуді, кестелер мен диаграмма құруды білу |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар орындай алады: деректер жинау үшін сауалнама жинауды, деректерді қорытындылауды.<br>Пәндік лексика және терминология. Диаграмма, кесте, деректер. |
| Күтілетін нәтиже: | Барлық оқушылар: деректер жинағын жүргізуді, жүйелеуді, кестелер мен диаграмма құруды білу<br>Көптеген  оқушылар: сауалнама жүргізіп, диаграмма құру<br>Кейбір оқушылар: есеп екі амалмен орындалатындай сұрақтарды толықтыру. |
| Бағалау критерийлері: | -деректер жинағын жүргізуді, жүйелеуді, кестелер мен диаграммалар құруды біледі<br>- сауалнама жүргізіп, диаграмма құра алады<br>- есеп екі амалмен орындалатындай сұрақтарды толықтыра алады. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Деректер жинау, жүйелеу, кестелер мен диаграммалар құру. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығулары арқылы жүреді.<br>Оқу материалын жариялау «Мюссенберг» әдісі арқылы жүреді:<br>Берілген әріптер арасынан мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарыңдар.<br>Раэлиащштөткендіңоымөпывыыққкеаозсдуаотыедпигннушәбекітужнпгвпвущпдпщ<br>- Қандай сөз шықты?<br>-Ендеше бүгінгі сабағымызда қандай тапсырмалар орындаймыз?<br>Онлайнмектептен ведиосабақтан түсініктеме көрсету | https://onlinemektep.org/schedule/30.12.2020/lesson/e8fcb3b1-4e71-4d26-ba5a-631b0e21d62a<br>Онлайн Мектеп Әріптер кестесі |

| **Сабаққкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(30 минут) | (ЖЖ) 1- тапсырма «Құрастырып көр» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>А) Сыныптастарыңа сауалнама жүргізіп, кімнің қандай жеміс-жидекті жақсы көретінін және олар қандай кітаптарды оқығанды ұнататынын анықта.<br>Диаграмма құр.<br>Ә) Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.<br>70 мин = 1сағ10 мин<br>29 см = 2дм 9см<br>1 сағ 30 мин = 90мин<br>8 дм =80см<br>5 дм 6 см =56 см<br>67 см =6дм 7см<br>Дескриптор:<br>- Сауалнама жүргізеді.<br>- Диаграмма құрады.<br>- Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнектейді.<br><br>Сергіту сәтінде «Білімлендтан тапсырма орында» үш тапсырманы орындап сергиді.<br><br>(Д) 2- тапсырма «Орындап көр» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>А) Суретшінің үлкен қорабында қызыл және жасыл түсті көп сықпа бояулар бар<br>а) Суретші қораптан 2 сықпа бояу алуы қажет.<br>Бұл бояулардың түсі қандай болуы мүмкін? Дөңгелектерді (фишкаларды) пайдалан.<br>Неше нұсқа шықты?<br>ә) Суретші қораптан 3 сықпа бояу алуы қажет.<br>Бұл бояулардың түсі қандай болуы мүмкін? Мүмкін нұсқаларды құрастыр.<br>Б) Анардың 4 қызыл және 3 жасыл моншағы бар.<br>Анар үш моншақтан тұратын жиынтық құрастыруы қажет.<br>Қандай нұсқалар болуы мүмкін?<br>Дескриптор:<br>- 2 сықпа бояу алуы үшін неше нұсқа шыққанын табады.<br>- Мүмкін нұсқаларды құрастырады.<br>- Үш моншақтан тұратын жиынтық нұсқаларын құрастырады. | https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/2-synyp/sandar-zhiyny?mid=f06e3fc0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>Оқулық, |
| Сабақтың соңы<br>(3 минут) | Саралау тәсілі:<br>«Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады<br>Қарқыны жоғары оқушыға:<br>Есеп екі амалмен орындалатындай, оны сұрақтармен толықтыр.<br>а) Біздің қалада өткен жылы 38 үйге, ал биыл одан 12-сі артық үйге жөндеу жұмыстары жүргізілді.<br>ә) Көктемде саябаққа 36 қайың көшеті отырғызылды, бұл терек көшеттеріне қарағанда 21-і кем.<br>Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі. | Есеп екі амалмен орындалатындай, оны сұрақтармен толықтырады |
| Рефлексия<br>(2 минут) | «Жетістік баспалдағы» әдісі бойынша өтеді. | Рефлексия жасайды |